



ПӘНДЕРДІ БІРІКТІРУ КЕРЕК ПЕ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ДАЛАМЫЗДЫҢ КӨРІКТІ ТӨРІ

6-БЕТ | ТУРИЗМ



АБАЙ АШҚАН МУЗЕЙ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Халықтың кемеліне келіп өркендеп
өсуі үшін ең алдымен азаттық
пен білім қажет.

Шоқан УӘЛИХАНОВ

”

№19

(4763)

Сейсенбі

18 ақпан

2025 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ОНЛАЙН БАҚЫЛАЙ АЛАСЫЗ

Елімізде пойыз қозғалысының кестесін онлайн бақылайтын қызмет іске қосылды.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушыларға арналған «Пойыз қозғалысының онлайн тақтасы» атты жаңа цифрлық сервисті қолданысқа енгізді. Енді жолаушылар нақты уақыт режимінде пойыздардың келу және кету уақытын бақылап, қозғалыс кестесіндегі өзгерістер туралы жедел ақпарат ала алады.

«Бұл сервис жолаушыларға нақты уақыт режимінде пойыздың қозғалысын картадан бақылауға, таңдаған станциядағы келу және жөнелту кестесін тексеруге, қозғалыс кестесіндегі өзгерістерді бақылауға, барлық аялдама станциясын, күту уақыты мен межелі бекетке шамамен келу уақытын көруге мүмкіндік береді» делінген ақпаратта.



3

ЖЕҢІСКЕ 100 КҮН ҚАЛҒАНДА

Елордада Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай Ұлттық ұланның әскери қызметшілері «Жеңіске 100 күн қалғанда» акциясы аясында мерекелік флешмоб ұйымдастырды.



ӘЛЕУМЕТТІК ДЕМАЛЫС КІМГЕ БЕРІЛЕДІ?

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әлеуметтік демалыс кімге және не үшін берілетінін жария етті.

Еңбек кодексінің 87-бабына сәйкес, қызметкерлерге әлеуметтік демалыс алу құқығы беріледі. Атап айтқанда: жалақы сақталмайтын демалыс; оқу демалысы; жүктілікке және бала тууға, жаңа туған баланы асырап алуға байланысты демалыс; бала 3 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс; бір жыл ішінде 3 жұмыс күнінен аспайтын скринингтік зерттеулерден өтуге арналған демалыс; кемінде 3 жұмыс күні көлемінде 12 аптаға дейін жүктілігі бойынша медициналық есепке қою бойынша әлеуметтік демалыс беріледі.

ҰБТ-ға ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Ұлттық тестілеу орталығы наурыз айындағы ҰБТ-ға қатысу үшін өтініштер 25 ақпанға дейін қабылданатынын хабарлады.

Тіркелу Ұлттық тестілеу орталығының app.testcenter.kz сайтында немесе УТО қосымшасы арқылы жүргізіледі. Тестілеудің өзі 1 наурыз бен 5 сәуір аралығында өтеді. Бұл тестілеуге орта білім беру ұйымдарының бітіруші 11 (12) сынып оқушылары; шартты түрде ақылы негізде күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары оқу орындарына қабылданғандар; өткен жылғы мектеп және колледж түлектері (толық оқыту нысанына); ҚР азаматы емес, бірақ ұлты қазақ тұлғалар; шетелде білім алған бітіруші 11 (12) сынып оқушылары (Қазақстан Республикасының азаматтары). Тест тапсырушылар ҰБТ-ға тіркелу кезінде тестілеу өтетін орынды, күнін және уақытын өзі таңдайды.

КӨШЕНІҢ БІР БӨЛІГІ ЖАБЫЛАДЫ

Елордадағы Қонаев көшесінің бір бөлігі 19 ақпаннан бастап жабылады.

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының жанындағы жер үсті жаяу жүргіншілер өткелін реконструкциялау жалғасады. Осыған байланысты Астана қаласының Полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының келісімі бойынша осы жылдың 19 ақпанынан 30 қазанына дейін Қонаев көшесінің Қабанбай батыр даңғылынан Тұран даңғылына дейінгі жол бөлігі жабылады. Бұл ретте автокөлік құралдарының қозғалысы іргелес Достық және Сарайшық көшелерімен қамтамасыз етіледі. Елорда тұрғындары мен қонақтарынан қала жолдарында кептелістерді болдырмау мақсатында өз бағдарын алдын ала жоспарлауды сұраймыз. Уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және жол-құрылыс жұмысының жүргізілуіне түсінікпен қарауды сұраймыз» делінген хабарламада.

САХНА СЫРТЫНДАҒЫ ТІРШІЛІК

4





СЕРІКТЕСТІК ДЕҢГЕЙІ ЖОҒАРЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға ресми сапармен келген Мажарстанның Сыртқы экономикалық байланыстар және сыртқы істер министрі Петер Сийяртомен кездесті. Мемлекет басшысы дипломатқа ілтипат білдіріп, Қазақстан мен Мажарстан арасындағы стратегиялық серіктестіктің деңгейі жоғары екенін атап өтті. Сондай-ақ жоғары деңгейдегі саяси диалогтың дәйекті дамып, үкіметаралық ықпалдастықтың белсенді өркендеп келе жатқанына назар аударды.

Президент былтыр Будапешт қаласына жасаған мемлекеттік сапары аясында қол қойылған келісімдердің өз деңгейінде іске асырылып жатқанына көңілі толғанып жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бұл уағдаластықтарды жүзеге асыру жан-жақты серіктестікті одан әрі тереңдетуге ықпал етеді. Мемлекет басшысы Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбанға ыстық ықыласын жолдады.

Өз кезегінде Петер Сийярто

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Мажарстан Премьер-министрінің сәлемін жеткізді. Мажарстанның Сыртқы істер министрі Астанаға сапары кезінде бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың түрлі аспектілерін іске асыру жағдайын салалық министрліктермен және ведомстволармен талқылайтынын айтты.

Кездесуде екіжақты күн тәртібінің бірқатар өзекті мәселелері қарастырылды. Сондай-ақ сауда-экономикалық және

инвестициялық салалардағы, энергетика және банк секторларындағы өзара тиімді байланысты кеңейтуге ерекше мән берілді. Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Петер Сийярто халықаралық маңызды мәселелер бойынша пікір алмасты. Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-мажар қарым-қатынасын дамытуға қосқан үлесі үшін Петер Сийяртоны II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ПРЕЗИДЕНТ ИОРДАНИЯҒА БАРАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 18-19 ақпан күндері Король II Абдалла бен әл-Хусейннің шақыруымен Иордан Хашимит Корольдігіне ресми сапармен барады. Бұл туралы Ақорданың ресми телеграм-арнасы хабарлады.

Сапар барысында сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі

дамытуға бағытталған жоғары деңгейдегі келіссөздер өтеді.

КӨКТАЛДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мәжіліс депутаттары Гүлдара Нұрымова, Дәулет Мұқаев, Вера Ким, Ажар Сағандықова және Нұрлан Әуесбаев Астанадағы «Көктал-1» және «Көктал-2» ықшам аудандарының тұрғындарымен кездесті. Кездесу Мәжіліс депутаты Гүлдара Нұрымованың бастамасымен ұйымдастырылды, оған тұрғындардың өтініші себеп болған.

Іс-шараға Экология және табиғи ресурстар, Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы министрліктерінің, Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің, елорда әкімдігі мен мәслихатының, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Кездесуге шақырылғандар жедел шешуді қажет ететін бірқатар мәселені алға тартты. Олардың айтуынша, ықшам ауданда үнемі күкіртсутек иісі сезіледі. №40 және №41 мектептерінің маңында төрт жыл бойы Есіл өзеніне екі құбырдан қалдықтар төгілуде. Тұрғындар бұл өзенге өндіріс нысандарынан немесе жақын маңдағы коттедждерден кәріз қалдықтары тасталады деп күдіктенеді. Олардың пікірінше, кәріз-сорғы станцияларының жағдайы да көңіл көншітпей-

ді. Фильтрлер жылдар бойы ауыстырылмайды. Ал оларды әр алты ай сайын жаңартып, жоғары сапалы заманауи көмір сүзгілерін орнату қажет.

Сонымен қатар қаңғыбас иттердің көбеюіне байланысты да көптеген шағым түсуде. «Көктал» тұрғын алабында қаңғыбас иттер мен мысықтарға арналған питомник бар. Кездесуде тұрғындар бірнеше жыл бұрын осы ауданда 800 орындық көпсалалы аурухананың құрылысы басталғанын, бірақ үш жылдан бері құрылыс жұмысы тоқтап тұрғанын айтты. Сондай-ақ ықшам аудан аумағында тергеу изоляторының (СИЗО) салынуы мүмкін деген қауесет барын, оған наразы екенін білдірді.

Аталған мәселелерді шешу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы Экология

және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Әлиев, Ауыл шаруашылығы министрлігінен Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің төрағасы Қазбек Тәшімов, Денсаулық сақтау министрлігінен Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы Сархат Бейсенова, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Ұлттық гидрометеорологиялық қызметтің бас директоры Данара Әлімбаева баяндады.

Олардың айтуынша, барлық мәселе жіті бақылауда және тұрғындардың ұсынысы міндетті түрде ескеріледі.

Есет Байкеннің сөзінше, Көкталда тергеу изоляторының құрылысы жоспарланбаған, бұл – негізсіз қауесет. Ал тоқтап қалған аурухана құрылысы қаржы

АТҚАРЫЛҒАН ІСТЕРДІ БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Бас прокурор Берік Асылловты қабылдады. Президентке еліміздегі заң үстемдігінің жай-күйі және қадағалау органдарының басым бағыттары бойынша атқарған жұмыс қорытындылары туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа криминалдық жағдай және қылмыстық-құқықтық саладағы азаматтардың конституциялық қақын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар жөнінде есеп берілді. Прокуратура органдары сотқа дейінгі тергеу сатысында 32 мыңнан астам заңсыз шешімді тоқтатты, бұл істер Қылмыстық-процестік кодекске сай келмейді. 4 мың азаматтың қылмыстық іске негізсіз тартылуына жол бермеді. Сонымен қатар заңсыз

бұзылған құқықтары қалпына келтірілген. 123 мың жұмысшының еңбек құқығын бұзуға жол берілмеген. Жалпы сомасы 4,5 миллиард тенге болатын алимент бойынша қарыз өндірілген.

Президентке былтыр мемлекет пайдасына 627 миллиард теңгеден асатын өтемақы қайтарылғаны жөнінде айтылды. Экономикаға 12 триллион теңгеден астам қаржы құйған 800 инвесторға прокурорлық көмек берілді. Прокуратура

белсенді қызмет атқарып келеді.

Мемлекет басшысына қоғам назарын аударған бірқатар қылмыстық істі тергеу барысы жөнінде мәлімет берілді. Бас прокурор қылмысқа қарсы күресте цифрлық технологияларды жаппай енгізу жөнінде баяндады. Атап айтқанда, іздеуде жүрген азаматтарды «ақылды» бейнекамераның көмегімен табу (іздеуде жүргендер саны 9,4 пайызға азайды) тәсілі жолға қойылды.



ұсталған 1,5 мыңнан аса адам босатылды. Бас прокурордың қарсылығы негізінде Жоғарғы сот 150 тұлғаға қатысты істің мән-жайын оң бағытқа өзгертіп, соның ішінде 10 адам толық ақталды.

Берік Асылловтың хабарлауынша, әлеуметтік-экономикалық салада 81 мың кәсіпкердің, 979 мың зейнеткердің, халықтың әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған топтарының және басқа да азаматтардың

актісі бойынша 136 лауазымды тұлға жауапқа тартылды. Прокурорлар инвесторларға қатысты мемлекеттік органдардың 712 шешіміне келісім бермеді. Инвестициялық жобаларға қолдау көрсету барысында «прокурорлық сүзгіні» пайдалану өз тиімділігін көрсетті. Жалпыұлттық пулға енген жобалардың жүзеге асырылуын қадағалауға аз қамтылған топтарының инвестициялық платформа

Қасым-Жомарт Тоқаев «Заң және тәртіп» қағидасын іске асыру, барлық салада заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Сондай-ақ алаяқтыққа қарсы іс-қимыл, есірткі бизнесімен күрес, қоғамдық орындарда құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша құқық қорғау мен басқа да мемлекеттік органдардың қызметін үйлестірудің маңызын атап өтті.

ДОСТЫҚҚА ҚЫЛАУ ТҮСПЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Литва Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады. Қазақстан Президенті Гитанас Науседаны Литва мемлекеттілігін қалпына келтіру күнімен құттықтады.

Жеделхатта Литва Республикасы бүгінде Еуропа Одағының белсенді мүшесі ретінде өз мемлекеттілігін нығайтып, азаматтарының

әл-ауқатын жақсарту жолында едәуір жетістікке қол жеткізгені жазылған. Президент Қазақстан мен Литва арасындағы дәстүрлі достық

пен өзара түсіністік рухында өрістеп келе жатқан қарым-қатынастар халықтарымыздың игілігі үшін ұдайы дами беретініне сенім білдірді.



бөлінгеннен кейін одан әрі жалғасады. Жиын барысында қаңғыбас иттердің тұрғындарға қауіп төндіруі және ауаның ластануы мәселелері қызу талқыланды.

Депутат Гүлдара Нұрымова мемлекеттік органдар ұсынған деректер мен Көктал тұрғындарының нақты жағдай туралы айтқан мәліметтері арасында үлкен айырмашылық бар екеніне назар аударды. Өз кезегінде депутаттар Ажар Сағандықова мен

Вера Ким халық қалаулыларына азаматтар көбіне жергілікті атқарушы органдар өз деңгейінде шешуі тиіс, ушықтырмай-ақ реттеуге болатын «жергілікті» мәселелермен жиі жүгінетінін атап өтті.

Көктал округінен сайланған Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев та сайлаушылардың айтқан пікірлерін қостай отырып, қаңғыбас иттер мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Гүлдара Нұрымова жа-

нуарларға жауапкершілікпен қарау туралы заң жобасы қазіргі уақытта Мәжілісте қаралып жатқанын, ал талқылау барысында айтылған барлық ұсыныс жұмыс тобына жолданатынын жеткізді.

Көктал тұрғындары Мәжіліс депутаттарына ашық диалог алаңын ұйымдастырғаны үшін алғыс айтып, өзекті мәселелердің тез арада шешілетініне сенім білдірді.

АСТАНАДА ҚАНША МЕКТЕП САЛЫНАДЫ?

Жаңа оқу жылында елордада 15 мектеп салынады. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



нын салып, қолданысқа бердік. Бұл – елорда үшін рекорд. Аталған мектептер екі ауысымда 66 мыңға жуық оқушы орнын ашуға мүмкіндік берді. 24 оқу орнының 16-сы – жайлы мектеп. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жаңа форматта 24 мектеп салынады. Бұл жайлы мектептер екі ауысымда 90 мыңға жуық оқушы орнын ашуға мүмкіндік береді. Жаңа оқу жылында тағы 15 мектеп ашуды жоспарлап отырмыз. Оқу орындарының құрылысына да жеке қаражат тартамыз» деді қала басшысы.

Әкім сондай-ақ жыл сайын педагог мамандығына гранттар бөле отырып, кадрлар даярлау жұмысы туралы айтты.

«Біздің басым міндеттеріміздің бірі – әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту. Олар – оқу орындарының, медициналық мекемелердің, балабақшалардың, студенттерге арналған жатақханалардың, Оқушылар сарайларының, қоғамдық кеңістіктердің (саябақтар, гүлзарлар, желеужолдар), аулалардың және тағы басқалардың құрылысы. Мәселен, мектеп туралы айтар болсақ, 2024 жылы білім ошағын 12,5 мыңнан астам оқушы тәмамдады. Ал сол уақытта 1-сыныпқа 28,5 мыңнан астам бала барды. 1-сынып оқушыларының саны түлектер санынан 2 еседен асып түседі. Тиісінше қалада жыл сайын мектептер салу қажет» деп түсіндірді әкім.

Жеңіс Қасымбек қаланы аралау барысында М.Төлебаев пен Бурабай, Ш.Құдайбердіұлы даңғылы мен І.Жансүгіров көшелерінің қиылыстарында, сол сияқты Егемен Қазақстан, А.Иманов көшелерінде орналасқан



бірқатар мектептің құрылыс барысымен танысты.

«Өздеріңіз білетіндей, осы оқу жылының басынан бері 24 оқу ор-

«Қазіргі уақытта қала әкімдігінің гранты бойынша жоғары оқу орындарында 2200-ге жуық адам білім алып жүр» деді Жеңіс Қасымбек.

ЖЕҢІСКЕ 100 КҮН ҚАЛҒАНДА

«Хан Шатыр» сауда-саттық және ойын-сауық орталығында Қазақстан Республикасы ІІМ Ұлттық ұланы әскери қызметшілері өнер көрсетіп, көрермендерге керемет көңіл күй сыйлады. Бұл көрсетілім Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Жеңіске 100 күн қалғанда» акциясы аясында өтті.



Ұлттық ұлан ән-би ансамблінің, сондай-ақ оркестрдің өнері орталыққа келушілердің назарын аударды. Олар әскери және патриоттық композицияларды орындап, көрермендердің көңілінен шықты. Одан соң Құрмет қарауыл ротасының әскери қызметшілері саптық дефиле орындап, қимыл үйлесімімен таңғалдырды.

Бұл көрсетілім – Жеңістің 80 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылған Ұлттық ұланның флешмобтар сериясының жалғасы. Әскери қызметшілер саптық дайындықты, қаруды меңгеру шеберлігін және жеке-жеке тәсілдерін паш етіп, өз кәсібилігін тағы бір растады.

«Біздің мақсатымыз – бабаларымыздың сол кездегі өшпес рухын өскелең ұрпаққа көрсету. Себебі жастар батырларымыздың жеңіске қандай қиындықпен және ерлікпен жеткенін білуі керек. Жеңіске тек тарихи оқиға ретінде қарамай, оны дәріптеп, келешек ұрпаққа насихаттау керек» деп атап өтті елордалық бригада командирінің орынбасары Тимур Рахимов.

Бұл флешмоб мерекелік іс-шаралар шеңберіндегі кезекті жарқын оқиғаға айналды. Ол тарих пен дәстүрлердің өскелең ұрпақтың жүрегінен өшпегенін айқын көрсетті.



ҮЗДІК ЖАСТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Кеше Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада «Үздік әлеуметтік бизнес жобасы» байқауының қорытындысы өтті. Жеңімпаздарды марапаттауға Есіл ауданының әкімі Дарменияр Қыдырбекұлы қатысып, жастарға өз лебізін білдірді.

18-25 жас аралығын қамтыған байқаудың басты мақсаты – жастарды құқықтық мемлекеттік және әділетті азаматтық қоғамды қалыптастыру жұмысына тарту, олардың бастамасын қолдай отырып, ел азаматтарының жан-жақты дамуына қолдау көрсету, әр жобасын ынталандыру.

Ашық байқауға қатысушылар өз жобасын көрсетіп әрі қорғап, қаладағы белгілі бизнес өкілдері арасынан қолдау ретінде тәлімгерлермен де жұмыс істеуге мүмкіндік алып отыр.

Үміткерлер бірінші кезеңде өз жобасын 3 минуттан аспайтын таныстыру (эссе, сөз сөйлеу, бейнеролик) арқылы қорғаған. Екінші кезеңде қатысушыларға әділқазылар тарапынан сұрақтар қойылып, олардың шығармашылық қабілеті, ойлау жүйесі бағалау парақшалары арқылы бағаланды.

Жобаға қатысушыларға қазылық етушілер бизнес өкілдері болды. Олардың қатарында «Tamos space school» жеке мектебінің директо-

ры Нұрболат Бисенғалиев, SEED Education мектептер желісінің құрылтайшысы Гүлсім Егізбаева және т. б. әлеуметтік кәсіпкерлік өкілдері бар.

Байқауда 1-орын алған қатысушыға 700 мың теңге сыйақы берілді. Ал 2-орынға – 500 мың, 3-орынға 300 мың теңге тағайындалды. Төртінші жүлдегер 200 мың теңге алса, қалған қатысушыларға Есіл аудандық әкімдігі тарапынан ынталандыру сыйлығы үлестірілді.

«Мұндай жобаларды жастар арасында жиірек өткізсе нұр үстіне нұр болар еді. Өйткені елімізде талантты ойы ұшқыр қыз-жігіттер көп. Олар тың идеясымен көпшілікке өте қажетті жобаларын қорғап, ұсына алады. Байқауды ұйымдастырушыларға алғыс айтамын» дейді жүлдегер Сержан Ерланұлы.

Бұл жарысты ҚР жекеменшік мектепке дейінгі және орта білім беру қауымдастығы, «Әділет» республикалық қоғамдық қоры, «Адал» халықтық бақылау қоғамдық қоры және «Аманат» партиясының жастар қанаты ұйымдастырды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылғы наурыздың екінші онкүндігінде «Астана қаласының көлік жүйесін кешенді дамыту перспективалары» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,

Астана қаласы мәслихатының төрағасы

ТӘУЕЛДІЛІКТІ СПОРТҚА АЙЫРБАСТА!

Бас қалада салауатты өмір салтын насихаттау, зиянды әдетке қарсы күресу бойынша жаңашыл бастамалар жалғасын тауып жатыр. Осындай кезекті акция аясында елордалық спортшылар қала тұрғындарына темекі өнімін спорт құрал-жабдықтарына айырбастауды ұсынды.

«Астана қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен кезекті акция өткіздік. Оның аясында біз темекі және вейп шегетін жастарға қолдарындағы зиянды заттарды волейбол добы мен шахматқа айырбастауды ұсындық. Осы арқылы жастарды, қала

тұрғындарын бос уақытын тиімді өткізуге, салауатты өмір салтын ұстануға шақырамын» деді тас жолдағы велоспортпен кәсіби түрде айналысатын Роман Хахимов.

Мұндай акциялар қалада тұрақты түрде өтеді.

ЕСІРТКІНІ ЖАРНАМАЛАҒАН ҚАБЫРҒАЛАР БОЯЛДЫ

Елорданың Есіл ауданында тағы да қауіпті есірткі граффити табылып, беті боялды. Мұндай акция «Астана – есірткісіз қала» нашақорлықпен күрес және оның алдын алу жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары аясында ұйымдастырылды.

Оған елордалық Есіл ауданы әкімдігінің қызметкерлері, полиция қызметкерлері мен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері қатысты. Наразылық білдірушілер қауіпті жарнаманың таралуына жол бермеу үшін есірткі сату туралы жарнамаларды бояп тастады.

– Астанада есірткіні насихаттау фактілері бойынша 2024 жылы, сол сияқты 2025 жылдың қаңтар айында 35 қылмыстық іс қозғалды. Граффитиді жарнамалауға тыйым салынған заттарды анықтау және жою бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. 2024 жылы елордада 2747 жарнама өшірілді. Сонымен қатар



есірткі сататын 268 веб-сайт бұғатталды, – дейді Астана қалалық Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының аға жедел уәкілі Лейла Рахимова.

Елордалық еріктілер мұндай іс-шараларға тұрақты түрде қатысып тұрады.

– Есірткі жарнамаланған қабырғаларды бояу – жастардың қауіпсіз болашағына қосқан үлесіміз. Бұл іс-шаралар есірткі қылмысымен күрестің тиімділігін арттыруға септігін тигізетініне сенеміз, – дейді «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктісі Елизавета Прибыткова.



Шерзод ПУЛАТОВ,
Қазақстан халқы ассамблеясы республикалық этномедиа кеңесінің төрағасы

КЕЛІСІМ – АСЫЛ ҰҒЫМ ЕЛ ҮШІН



Кейін 2009 жылы өткен Қазақстан Республикасы Сұдылар одағының V съезінде татуластыру рәсімдерін әзірлеу және медиацияны енгізу ұсынылды. 2010 жылдың қараша айында 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы аясында азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру, оның ішінде медиация институтын дамыту жоспары бекітілді. Заңгерлер тобының белсенді жұмысының арқасында 2010 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына «Медиация туралы» заң жобасы енгізіліп, 2011 жылдың 28 қаңтарында Парламент бұл заңды қабылдады. Осы саланың даму белестерін зерделесек, 2015-2020 жылдар этномедиа институттануымен еске түседі. Осы кезеңде аймақтық медиация кеңестері мен «Қоғамдық келісім» РМУ, Достық үй сияқты мамандандырылған орталықтар құрылды. 2021-2023 жылдар аралығында этномедиа жүйесі одан әрі жетілдірілді. Осы кезеңде «қоғамдық медиатор» ұғымы енгізіліп, білім беру бағдарламалары мен әдістемелік ұсыныстар жаңарды. Бүгінгі таңда Қазақстан халқы ассамблеясының тізімінде республика бойынша 21 этномедиа орталықтарында жұмыс істейтін 300-ден астам кәсіби медиатор бар. Бұл орталықтардың тиімділігінің мысалы ретінде 2024 жылы 5000-нан астам азамат қатысқан 150-ден астам іс-шараның өтуін айтуға болады. Маңызды бастама медиация процесіне цифрландыру бағдарламасын енгізу болды, бұл шалғай елді мекендерде тұратын азаматтардың медиатор қызметтеріне қолжетімділігін



Этносаралық бейбітшілікті нығайту және қақтығыстардың алдын алу шаралары бағытында этномедиа орны бөлек. Елімізде этномедиа дамуы бірнеше кезеңнен өтті. Қазақстанда азаматтық дауларды шешудің баламалы әдістерін енгізу қажеттілігі туралы алғашқы идеялар 2002 жылы айтылып, еліміздің құқықтық саясат тұжырымдамасына енгізілді.

кеңейтуге мүмкіндік берді.

Этномедиа дамуының негізгі элементтері – оның көпвекторлы тәсілі. Этномедиа орталықтар өз қызметінде үш бағытқа көңіл бөледі.

Бірінші бағыт – ұлтаралық қақтығыстардың алдын алу. Бұл аспект жалпы азаматтықтағы мәдени ерекшеліктерді түсінуді тереңдету арқылы жанжалдардың алдын алу үшін жан-жақты жағдай жасауды қамтиды. Барлық этностың мүддесін ескеретін

диалог алаңдарын ұйымдастыру, сондай-ақ бейтараптық пен стереотиптерді азайтуға көмектесетін білім беру бағдарламаларын іске асыру маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар ұлтаралық қақтығыстардың ұқтимал көздерін анықтау үшін тәуекелдерді талдау және бағалау жүргізіледі.

Екінші бағыт – ұлтаралық жанжалдарды шешу. Ол келіспеушіліктерді бейбіт жолмен шешу үшін медиация рәсімдерін

қолдануды қамтиды. Маңызды принцип – тараптардың мәдени ерекшелігін ескеру, бұл өзара қолайлы шешімдерді табуға көмектеседі. Этномедиа орталықтары бейтарап ортада конструктивті диалогты қамтамасыз ете отырып, келіссөздерді жеңілдетудің әртүрлі әдісін пайдаланады, бұл түсініспеушіліктерді болдырмауға және татуластырудың оңтайлы жолдарын табуға көмектеседі.

Үшінші бағыт – жанжалдан

кейінгі жағдайларды шешу. Дау-дамай шешілгеннен кейін тараптар арасында ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған іс-шаралар мен бастамалар арқылы қол жеткізілетін сенімді қалпына келтіру қажет. Мұнда қалпына келтіретін медиация технологиялары қолданылады. Негізгі элементтерге қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалуын бақылау, сондай-ақ зардап шеккен тараптардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуіне бағытталған оңалту және интеграциялық бағдарламаларды іске асыру кіреді. Бұл шаралар қақтығыстардың қайталануын болдырмауға көмектеседі.

Қазақстан халқы ассамблеясына қарасты этномедиа бірнеше негізгі міндетті шешеді. Солардың ішіндегі ең маңыздысы – этносаралық қақтығыстардың алдын алу,

оған тек медиаторларды дайындау ғана емес, этномедиа бірлестіктерінің жетекшілері мен жергілікті билік өкілдерін де тарту қажет. Этномедиа тиімді жұмыс істеуі барлық мүдделі тараптың татуласу және жанжалдардың алдын алу процесіне белсенді қатысуын болжайды. Мамандарды даярлауға көп көңіл бөлінуде. Соңғы жылдары ондаған семинар мен тренинг өтіп, оларға 5000-нан астам адам қатысты.

Қазақстан халқы ассамблеясы жұмысының маңызды бөлігі – медиаторларды әдістемелік жағынан қамтамасыз ету. Медиаторлардың кәсіби құзыретін дамытуға және олардың білігін арттыруға көмектесетін «Этномедиа: тәсілдер мен технологиялар» оқу құралы сияқты мамандандырылған оқу құралдары мен нұсқаулар әзірленді. Қақтығыстардан кейінгі реттеуге де үлкен көңіл бөлінеді. 2024 жылы дайындалған медиаторлардың араласуының арқасында Жамбыл, Алматы және Түркістан облыстарының ауылдық елді мекендерінің бірінде этномедиа технологиясының тәсілдерінің тиімділігін көрсеткен жанжал сәтті шешілді. Сонымен қатар өңірлердегі этникалық жағдайға кешенді мониторинг жүргізу стратегиялары іске асуда, бұл туындайтын сын-қатерлерге жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Этномедиа бүгінде тек шиеленістерді шешу құралы ғана емес, сонымен қатар сындарлы диалог, сенім орнату және ортақ болашақты қалыптастыру алаңы екенін атап өткен орынды деп есептеймін. Қазақстандық тәжірибе мемлекеттік органдардың, қоғамдық құрылымдар мен сарапшылардың тиімді жұмысы этносаралық қатынастар саласындағы аса күрделі мәселелерді сәтті шешуге мүмкіндік беретінін көрсетіп отыр. Этномедиа оны одан әрі дамыту білім беру бағдарламаларын жетілдіруді, халықаралық ынтымақтастықты тереңдетуді және оның оқу орындарында және жергілікті деңгейде қолдану аясын кеңейтуді талап етеді. Медиациямен қатар келіссөздер технологияларын жетілдіру, медиация қызметтерінің қолжетімділігін арттыру, инновациялық жұмыс әдістерін дамыту және озық тәжірибе алмасу үшін халықаралық серіктестермен өзара іс-қимылды кеңейту маңызды бағыт болып қала береді.

САХНА СЫРТЫНДАҒЫ ТІРШІЛІК

Опера және балет театры жайлы ойласақ, көз алдымызға ең әуелі әсем декорациялар мен костюмдер, әртістердің таңғаларлық өнері мен жаңа қойылымдар келеді. «Астана Опера» театрында – сахна сыртында көрермен біле бермейтін тіршілік бар. Соның бірі театр қызметкерлерінің жағдайын жасайтын аспаздардың қазаны оттан түскен емес.

Айгүл УАЙС

Асхана жұмыскерлерінің айтуынша, мұндай кәсіп тәжірибе, кәсіби шеберлік қана емес, әртістермен жұмыс істеу ерекшелігін де қамтиды. Аспаз – барлық уақытта да өзекті мамандық. Оның шеберлігі мен білігі алты дәреже бойынша бағаланып, тағамды өзі ойлап тауып, өз мазірімен дайындап шығаратын мастер-шеф деп бөлінеді. Ал төртінші санаттағы Сәуле Юлдашева – театр асханасының бас аспазы.

– Мәзгірді құрған кезде біз әрдайым дұрыс тамақтануға назар аударамыз және әртістердің нені ұнататынын жайлы да ұмытпаймыз. Мәселен,

балет солистері майлы емес сорпаны ұнатады, әсіресе асқабақ, саңырауқұлақ сорпасын, крем-сорпаны және брокколи қосып дайындалған сорпаны жақсы көреді. Опера әртістері тауық пен сиыр етінен әзірленген палауды сүйіп жейді. Ал әр бейсенбі – бізде балық күні, сондықтан мәзірден міндетті түрде балық сорпасы мен қуырлық балықты табасыз, – дейді ол.

Бес баланың анасы Сәуле Юлдашева бар білгенін балаларына да үйретуден жалықпайды. Өзінің анасы 40 жыл аспаз болып жұмыс істеген екен. Сәуле де жасынан анасына көмектесе жүріп, түрлі тағамды дайындаудың құпиясын өз бойына сіңіріпті. Бәлкім, анасынан қалған фирмалық «өже» сорпасы мен «ташкенттік» палауды әртістердің жақсы көретіні сондықтан болар.

Аспаздар әртістерге күшқуатын арттырып отыру керек екенін біледі, сондықтан таңнан бастап сәреде сүзбе қосылған құймақ, компот, ботқаның түрлері, омлет, қуырлық нан, салаттар тұрады. Ал түскі асқа лағман, тұшпара, манты, хинкали, француз бен ауыл рецепті бойынша дайындалған, картоп, пияз қосылған бауыр және бауыр торты дайын болады. Көбі дымляма, көкөніс пен тауықтың төс етінен дайындалған тамақты, балық пен картоп езбесін, жеңіл көкөніс сорпасын жақсы көреді.

«Астана Опера» театрының 9 адамнан құралған аспаздар тобы көкөністер, ет және сүт өнімдерін қоса алғанда, жаңа піскен әрі табиғи азық-түлікті пайдаланғанды жөн санайды. Бұл дәмді ас пісіруге ғана емес,

әртістердің денсаулығын қалыпта ұстауға мүмкіндік береді. Алайда тәттілер қойылған сәрені де айналып өту мүмкін емес. «Балет әртістері тәтті жемейді» деген көпшіліктің пікіріне қарамастан, аспаз-кондитер Света Жанысова балет бишілері кейде өздеріне тәтті тоқаш пен торт тілімінен ауыз тиюге рұқсат ететінін айтады.

– Ас әзірлегенді жақсы көремін, бұл сүйспеншілікті бойыма анам сіңірді, бұрын үйде небір-небір тәттілерді көп пісіретін едік. Уақыт өте келе бұл әуестіктің мамандыққа айналғанын қалайтынымды түсіндім. Әлбетте, содан кейін аспаздар курсы бітірдім, қазір де өзімді үнемі жетілдіріп отыруға тырысамын. Білесіз бе, кондитерлік істің де өз сәні бар, мысалы, қазір «Сникерс» торты мен банан қосылған тортым сұранысқа ие, ал шамалы ғана уақыт бұрын ірімшік пен йогурт қосылған тоқаштарға әуестік жоғары еді. Келушілер «Құс сүті» тортын және «Бал» тортын да жақсы көріп қалды.



Қазіргі таңда меренга рулетін ұнатып жүр. Сондықтан мен әрдайым жаңа рецептерді үйреніп, уақытпен бірге қадам басуға бар ынтымақ саламын. Бұл істе аспаздық блогтар мен ғаламтордағы шеберлік дәрістері жақсы көмектеседі, – деді

Света Жанысова.

«Астана Опера» әртістері сахнаға шығарда немесе дайындықтары аяқталғанда өздерін театр асханасында Сәуле Юлдашева бастаған шеберлердің тәтті тағамдары күтетінін жақсы біледі.



ПӘНДЕРДІ БІРІКТІРУ МЕН КІРІКТІРУ КЕРЕК ПЕ?

Индира
БЕРЖАНОВА

САПА НЕГЕ ТӨМЕН?

Білім берудің жаңа стандарты жайында былтыр дәстүрлі республикалық тамыз кеңесінде алдағы уақытта кейбір пәндер оқу бағдарламасынан алынып тасталуы мүмкін екені айтылды. Мұны мәлімдеген Президент кеңесшісі Тамара Дүйсенова мектепте оқытылатын пәндер саны көбейіп кеткенін сөз еткен еді.

– Соңғы жылдары біз пәндер санын көбейтіп жібердік. Жаңа пәндер қаржылық сауаттылық, бизнес жүргізу, дінтану, тағы да басқа бағыттарды қамтып отыр. Ал әлемдік деңгейде керісінше, пәндерді кіріктіріп оқыту, вариативті, оқушылардың мүмкіндігін дамытатын негізгі пәндерді оқыту бірінші кезекте қарастырылмапты. Қазір химия, биология, география сынды пәндер 578 сағат оқытылады. Ал Жапония, Оңтүстік Корея сынды дамыған елдерде бірнеше пән біріктіріліп, 324 сағат берілген. Алайда халықаралық PISA зерттеуі ол елдердегі оқушылардың білім деңгейі жоғары екенін көрсетті. Бұл – үлкен жұмыстың басы. Алдағы екі жылда оқытылатын пәндер тізімі сарапшылардың қатысуымен анықталады. Яғни 2026 жылы оқу бағдарламасындағы бірнеше пән болмауы мүмкін, – деді Т.Дүйсенова.

PISA – білім сапасын қадағалайтын халықаралық бағдарлама. Аталған бағдарламаның соңғы зерттеуіне сәйкес, 81 елдің ішінде Қазақстан математикадан – 46-орын, оқудан – 61-орын, жаратылыстану пәнінен 49-орынға тұрақтанды. Рейтингіңіз үздік үштігінде Сингапур, Жапония және Оңтүстік Корея бар. Олардың орта білім беру сапасы оқу пәндерінің аздығы және нақты ғылымға негізделуімен өзгешеленген. Мысалы, Сингапурда бастауыш сыныптан соң міндетті 10 пән болса, Жапония мен Кореяда 12 пән оқытылады. Ал еліміздегі орта сыныптарда 15 пән болса, 10-11-сыныптарда 16 міндетті пән бар.

ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС ДЕГЕН ҰҒЫМ БАР

2026-2027 оқу жылында қолданысқа енетін жаңа оқу стандарты туралы Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Руслан Қаратабанов мәлімдеген еді. Академия өкілінің айтуынша, «Дүниежүзі тарихы» мен

Оқу бағдарламасы заман талабына сай жаңарып, ал пәндер оқушыға ең қажет, өмірлік қарапайым дағдыларды үйретуі тиіс деген сынды пікірлер қоғамда жиі айтылып жүр. Содан болар, Оқу-ағарту министрлігі білім беру мазмұнына, нақтырақ айтсақ, кейбір пәндерге өзгеріс енгізу мәселесін талқылауда. Оның ішінде «Алгебра» мен «Геометрия» пәндерін «Математикаға», «Химия», «Биология», «Физиканы» «Жаратылыстану» пәніне біріктіріп, өзге пәндерді де кіріктіріп оқыту көзделген. Келер оқу жылында енетін жаңа білім беру стандартына қатысты сарапшылардың пікірі де әртүрлі.

ЕЛДЕГІ БАҒДАРЛАМАНЫ БАРЛЫҚ ОҚУШЫ БІРДЕЙ ИГЕРЕ АЛМАЙДЫ. КҮРДЕЛІ. ШЕТЕЛДЕ МАТЕМАТИКА ПӘНІ САФАТЫ БІЗДЕН ӘЛДЕҚАЙДА АЗ

«Құқық негіздері» «Әлеуметтік ғылымдар» ретінде, «Алгебра» мен «Геометрия» «Математика» пәні ретінде біріктірілуі мүмкін. Сол секілді «Химия», «Биология», «Физика» «Жаратылыстануға» бірікпек.

– Бүкіл пән орнында қалады. Сондықтан химия, физика, биология немесе математика пәндері жойылады деген қорқыныш болмау керек. Бір жағынан кейбір пәндерді біріктіріп оқытқысы келетін мектептер бар. Жаңа стандарт ондай бастамаларға рұқсат береді. Яғни, әр мектептің ішкі шешіміне байланысты. Бір мектеп физика, биология, химия сияқты пәндерді дәстүрлі қалпында қалдырғысы келсе, жаңа стандарт ол жағын да қарастырған. Соған сай оқу бағдарламасын береді, – деді Р.Қаратабанов.

Ал білім саласының сарапшысы Аятжан Ахметжанұлының пікірінше, әр мектепке пәндерді қосып не қоспау таңдауы берілетіні – саладағы жүйесіздікке әкеледі. Бұл туралы ол әлеуметтік желідегі жазбасында жариялады.

«Ертең оқушы бір мектептен бір мектепке ауысса, немесе ҰБТ тапсырғанда оқулықтар арасында, біріктірген, кіріктіргендер арасында шатасып жүрмек. Бұлай пәндерді біріктіруге де, кіріктіруге де болмайды! Пәнаралық

байланыс деген ұғым бұрыннан бар, сол сақталу керек. Ал бұлар жеке-жеке ғылым, жеке-жеке пән. Менің түсінбейтінім, онсыз да сапасы сын көтермейтін пәндерді біріктіріп, қоймалжың жасау кімге керек болды? Ертең ол біріккен пәнді кім береді? Химия ғылымдарының докторы, педагог-шебер болсам да, биология мен физикадан сабақ бере алмаймын. Білімім жетпейді. Себебі, ол өзінше ғылым. Ал сонда әмбебап ұстаздарды бұлар қайдан таппақ, түсінбедім?! Құқық пен тарихтың да есі дұрыс адам екі түрлі ғылым екенін жақсы біледі. Оны бір-біріне қосу да дәл сол күлкі шақырады.

Қымыз бен шұбат екеуі де – сүтті ашытып жасайтын сусын. Бірақ, ешқашан екеуін бірге қосып іше алмайсыз ғой. Тура солай бір-біріне ұқсайтын жерлері бар екен деп былықтыра беруге болмайды! Бұл құлдырауға алып келеді. PISA көрсеткішінде математикалық сауаттылық пен жаратылыстану ғылымдары сауаттылығынан қай деңгейде болғанымызды ешкім ұмытпа қоймаған шығар» деді сарапшы.

БАРЛЫҚ ОҚУШЫ БАҒДАРЛАМАНЫ ИГЕРЕ АЛМАЙДЫ

Білім сапасы жүйелілік пен бірізділікті қажет ететіні сөзсіз.

P.S:

Әр оқу жылында мектептегі пәндердің сан рет өзгеріп отыруы үйренішті жағдайға айналды. Соңғы 5 жылда елімізде «Цифрлық сауаттылық», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Шахмат негіздері», «Жаһандық құзыреттілік» секілді бірқатар пән қосылып, «Еңбекке баулу» мен «Бейнелеу өнері» пәндері алынып, бірде «Көркем еңбекке» біріктіріліп, бірде қайта енгізілді. Елімізде енгізілетін ендігі білім беру стандартында пәндер әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті буын қалыптастыруға бағытталуы керектігі сөзсіз. Десе де, «жеті рет өлшен, бір рет кесетін» шешім қажет-ақ.

БАНКТЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҚАЙДА?

Өзіңіз жақсы білетіндей, адамзат баласы жаһанданып, жаңарған кезеңде тәуелсіздігін енді қолға алып, етек-жеңін жинай бастаған Қазақстан бұрын естіп, білмеген талай жаңашылдыққа тап болды. Тиісті ақпараты мен тәжірибесі жоқ Қазақстан халқына ол жаңашылдықтар көп зиянды зардабын тигізіп жатыр.

Солардың бірі – «онлайн алаяқтық». Жаңа кезеңге жылдам бейімделген «жылпос» алаяқтар күн сайын қорғансыз халықтың шотындағы ақшасын ұрлап қана қоймай, мыңдаған адамның атына сырттай несие рәсімдеп, онсыз да зорға жүрген халықты зарлатуда.

Өкінішке қарай, жазықсыз жем болған жандардың жағдайын ұғып жатқан Үкімет те, банктер де көрінбейді. Ал көптеген алаяқтық жасау фактілерінде не банк, не жергілікті орган өкілдерінің қатысуымен болғаны дәлелденген. Мысалы, Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының қызметкері мүгедектігі бар, зейнеттегі жиыны 90 адамның шотындағы ақшаны жымқырған. Талдықорған, Астана, Алматы қалаларында да банк қызметкерлерінің азаматтардың жеке мәліметіне қол жеткізуге көмектескені жөнінде фактілер анықталған.

Дәлелмен айтсақ, Республика көлемінде биылғы жылдың қаңтар, ақпан айларының өзінде ғана кибералаықтықпен банк қызметкерлеріне қатысты ҚР Қылмыстық Кодексінің 250-бабы (Өкілеттіктерді теріс пайдалану) бойынша – 15 іс, ал ҚР Қылмыстық Кодексінің 254-бабы (Міндеттеріне адал қарамау) бойынша 17 іс қозғалған.



Бір түсініксіз, бұл киберқылмыстан қорғауға, азаматтардың шоттарының қауіпсіздігін сақтауға міндетті банктерге ешқандай жауапкершілік жүктелмеген. Осы әділетті ме? Біз олай ойламаймыз. Ақылға салсақ, алаяққа жем болып, банкке сақтаған ақшасынан айырылып, мойнына жоқ жерден несие жүктеліп, жығылған жандарға жұдырық болып банктер олардың шоттарын да бұғаттайды. Бұл халыққа жасалған орынсыз қиянат қой.

Сәл киналса мемлекеттен миллиардтап қаржыны қайтарымсыз алатын ойына келген пайыздың өлшемін тағайындап, өз қателіктеріне жауап беруден жалтаратын қайырымсыз банктер қашанға дейін тайрандамақ? Нақақтан нақақ қарызға батқан халықты қорғайтын уақыт келді ғой. Ата заңымыз бойынша мемлекеттің басты байлығы банк емес, халық екенін ұмытпайықшы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мыналарды ұсынамыз. Біріншіден, екінші деңгейлік банктер кибералаықтардың қылмыстық іс-әрекеттерінен зардап шеккен азаматтардың банктік шоттарын бұғаттан шығаруды және де бұл санаттағы адамдардың шоттарын бұғаттауға тыйым салу іс-шараларын қарастыру тиіс. Екіншіден, шоттарындағы қаржының сақталуына жауапты банктер болғандықтан, кибералаықтан келген зардап пен барлық шығындарды банктерге өз тарапынан өтеу міндетін жүктетейік.

Ринат ЗАИТОВ,
Мәжіліс депутаты

№19 (4763) 18/02/2025 Сейсенбі


Кезінде қазақтың арқалы ақыны Рафу Қайырбеков ерекше сұлу табиғатынан терең шабыт алып:

«Ардағым Алтай даламның биік төрі екен,
Таудың да тарлан таланттысы, сері екен.
Тау емес мынау кілең бір алтын баспалдақ,

Алланың өзі аспаннан түскен жер екен» деп аса биік бағасын берген Алтайдың төрі – Катонқарағай өңірінің халқы соңғы ондаған жылдар бойы сұрқылтайдың күйін кешіп келген еді. Аудан жабылып, оның орталығы Өскемен жолындағы Үлкен Нарын ауылына көшірілгеннен кейін бір жағынан аурухана, мектеп, халыққа қызмет көрсету орындары секілді әлеуметтік инфрақұрылымдар, әсіресе жол жағдайы күрт нашарлап, екінші жағынан, таулы өңірдің ауыр қысы қысқан жергілікті халық туған өңірлерінен қопарыла көшіп, ірі қалаларды барып сағалады. Көше-көше бір кездегі 25 мың адамның 10-ақ мыңы ғана қалды. Дегенмен Құдайдың да көзі бар екен, соңғы уақыттары елімізде туризмнің дами бастауы, екінші жағынан, Қазақстан халқының Төр Алтайдың көрікті табиғатын көруге, тек осы өңірде ғана өсетін марал мен бұғы сорпасына және емдік қасиеті мол Рахман қайнарына түсуге деген ынта-ықыласы Мемлекет басшылығының назарын жетімнің күйін кешкен осы өңірге қайта аударғты. Аз жылдың ішінде сонау Өскеменнен басталып Алтайдың бір биігі «Рахман қайнары» санаторийіне дейінгі жол аралығы кезең-кезеңімен жөнделе бастады. Оның бер жағында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қосылған екі ауданды қайта бөліп, Катонқарағай ауданын бұрынғы өз аумағында ашып беруі, Катонқарағай ауылының қайтадан аудан орталығына айналуы өңір тұрғындарының мемлекеттік саясатқа деген сенімін нығайтты. Соның жарқын бір мысалы – 30 жыл бойы үнемі азаюмен келе жатқан халық санының аудан ашыла салысымен қайта өсе бастауы. 2024 жылдың 1 қаңтарында ауданда 10246 адам болса, 2025 жылдың 1 қаңтарында аудан халқының саны 10393 адамға жеткен, яғни 147 адамға немесе 1 пайызға өскен.

Жаңа құрылып жатқан аудан үшін бұл аз ғана өсімнің стратегиялық маңызы зор. Өйткені бүгін жүздеп өскен халық ертең мыңдап өсуі әбден мүмкін. Кезінде осы өңірден көшіп кеткен катонқарағайлықтардың назары туған жерлеріне қарай ауып отырғаны ел арасындағы әңгімелерден анық сезіледі. Катонқарағай секілді көрікті өңірде туристік бизнестің дамуы олардың делебесін одан әрі қоздыруда. Өткен жылдың өзінде мұндағы тұрғын үй бағалары едәуір көтеріліп үлгерген. Міне, осы жайды Катонқарағай ауданының әкімі Данияр Дүйсенбаев қуанышпен мәлімдеген еді.

Әртiстiң үстiнен салынып жатқан 1300 метрлiк елiмiздегi ең ұзын көпiрдiң құрылысы жеделдетiлiп, өткен жылы тәуелсiздiк мерекесi кезiнде пайдалануға берiлсе, биыл Қасым-Жомарт Кемелұлының Жолдауда берген арнайы тапсырмасы негiзiнде жаңа ашылған Катонқарағай ауданындағы Солдатова ауылының маңынан жаңа әуежайдың салынатыны ауданның дамуына ерекше ықпал ете алатын маңызды жаңалықтар болып отыр. Биылдың өзiнде құрылысы аяқталуы тиiс жаңа әуежай туристер үшiн қолайлы жағдай туғызып, елiмiздiң iрi қалалары Астана және Алматымен және



ЕНДІ АСТАНАДАН КАТОНҚАРАҒАЙҒА ЖЕТУ КӨП ҚИЫНДЫҚҚА ТҮСПЕЙДІ



облыс орталығы Өскеменнен тікелей әуе байланысын қамтамасыз етпек.

Осы ретте жергілікті халық үшін тұрмыс-тіршілікке пайдасы бар тағы бір жағымды жаңалық – аудан аумағына келіп-кететін туристер санының арта түсуі. Мәселен, ресми статистика бойынша 2023 жылы еліміздің әр түкпірінен және шет елдерден 40112 турист келіп-кетсе, 2024 жылы 45303 турист келіп, бір жылдағы өсім 111 пайызды құраған. Сонда есептеп қарасаңыз, аудандағы әрбір жергілікті тұрғынға 4 туристен астам аты мәлім «Рахман қайнары» шипажайы жұмыс істесе, ауылдық туризм бағытында 60 қонақжай, 2 hostel, 2 демалыс базасы, 6 қонақ үйі, 2 киіз үй қалашығы, 6 қымызхана қызмет көрсетуде. Жыл қорытындысы бойынша туристік салаға 6



Ресми статистика бойынша Катонқарағай ауданында 2023 жылы еліміздің әр түкпірінен және шет елдерден 40112 турист келіп-кетсе, 2024 жылы 45303 турист келіп, бір жылдағы өсім 111 пайызды құраған

миллиард теңгеден астам инвестиция салынып, «Баян», «Qaton-Qaragai Resort and Spa», «Жанат» пантымен емдеу орталықтары одан әрі кеңейту, «Мұзтау» экология қонақ үйінде мейрамхана салу жұмыстары жүргізілді. «Баян» қонақ үйі тұтастай күрделі жөндеуден өтті. Өткен жылдың өзінде ғана 2 қонақ үйі мен 8 қонақжай жаңадан ашылды.

Алдағы уақытта осы істі одан әрі жандандыра түскісі келетін кәсіпкерлер баршылық. Мәселен, ауданның Ақсу ауылдық округіне қарайтын Ақшарбақ ауылында «Верх Катунь» пан-



тымен емдеу демалыс орнын кеңейту мақсатында 4,2 млрд теңгенің инвестициялық жобасын іске асыру көзделуде. Мәселен, жеке кәсіпкер Е.Абауев аудан орталығынан бетон сақиналарын шығаратын цех ашуды жоспарлауда. Мұндай қозғалыстар тек аудан орталығы емес, әр ауылды қамти бастады деуге болады. Мәселен, ең бір түкпірде жатқанымен табиғаты көркем Аршаты ауылында жекеменшіктің күшімен «Айша» демалыс кешенін құрылысы қолға алынса, Берел ауылында жеке кәсіпкер Н.Райсов өзінің демалыс үйлерін кеңейтіп, жаңа құрылыстар салуды көздеуде. Осындай тіршілік Топқайың ауылының жанында орналасқан «Qaton-Qaragai Resort & Spa» демалыс орны тарапынан да қолға алынуда. Оның иесі осы демалыс орнын қайта құру және кеңейту жоспарын әзірлеуде.

Туристер ағынының күшеюі аудандағы негізгі сала ауыл шаруашылығының дамуына да

қолайлы әсер ететіні түсінікті. Өйткені туристер тұтынуына ет, картоп, сүт, айран, қаймақ, құрт, ірімшік, қымыз бен бал, жұмыртқа секілді таза табиғи өнімдер қажет. Мұны аудандағы шаруа қожалықтары мен мал өсіріп, егін салып отырған тұрғындар бере алады. Айтпақшы, Катонқарағайдағы Алтай балы мен марал пантысы, пантыдан жасалынатын пантокрин, пантогематоген секілді өнімдер, жидек пен көкбояудан және басқа да жабайы жемістерден жасалатын шыршы түрлерінің, түрлі шөп шайларының емдік қасиеті өте мол және олар басқа өңірлерде көп кездесе бермейді. Даңқы бүкіл әлемге тарап отырған Алтай балының өзі неге тұрады. Бүгінде осылардың бәрін мольнан өндіру күн тәртібіне қойылып, аудан халқымен жұмыстар жүргізілуде.

Бір өкініштісі, 2023 жылы ауа райының қолайсыздығынан халықтың жеткілікті жем-шөп

қорын жасауға мүмкіндігі болмай осының салдарынан тірлей мал сату көп орын алды. Басқа түлік түрлерін айтпағанның өзінде бір жылда басқа жақтан келген делдалдарға 2613 жылқы сатылды. Шағын аудан үшін бұл – үлкен шығын. Мал ұрлығы да өршіді. Дегенмен қазірдің өзінде ауданда 22582 жылқы, 7568 мүйізді ірі қара, 24903 қой-ешкі, 1056 марал бар. Енді осы малдардың санын көбейту қолға алынуда. Берекелі болған былтыр күзде жем-шөптің бір жарым жылдық қоры жасалды. Мал ұрлығымен күрес күшейтілуде. Ұрылардың алды қолға түсті. Олардың қатаң жауапкершілікке тартылатыны анық. Өйткені ұрлықпен күрес жөніндегі заң талаптары барынша нығайтылып отыр.

«Қазіргі күні Катонқарағай ауданында оны дамыту үшін сан түрлі шаралар қолға алынуда. Аудан жаңа кадрлармен қамтамасыз етіліп, әлеуметтік инфрақұрылымдар нығайтылуда. Биылғы туристерді қабылдау жөнінде қызу дайындық басталып та кетті. Егер жаңа әуежай құрылысы биыл аяқталса, 2026 жылдан бастап астаналықтар көпшіліктің көзайымына айналған өңірге бірер сағатта жетіп келе алады. Мұның сыртында Өскеменге дейін пойызбен жетіп, бізге қарай ағылып жатқан таксилер қызметін пайдалана алады» дейді аудан әкімдігінің аппарат басшысы Қуаныш Құлжынов.

Сондай-ақ Астанадан жеке көлігімен шыққысы келетіндер Павлодар – Семей – Өскемен бағытымен шаршамай, шалдықпай жүре отырып, келесі күні Катонқарағайға жете алады. Өскемен мен Катонқарағайдың арасы табиғаты көркем серпантин асуы арқылы өткен жағдайда 350 шақырымды құрайды. Шамамен төрт жарым сағаттық жол.

Бұдан бөлек, былтыр Өскемен – Күршім бағытындағы 1300 метрлік ұзын көпірдің салынуына байланысты осы өткелден босаған паромдар енді Өскемен мен Катонқарағай арасындағы «Самар-Васильев» өткеліне қойылады екен деген ақпарат бар. Анық-қанығы көктемде белгілі болады. Мұндай жағдайда жол жүру қашықтығы тағы да 1,5-2 сағатқа қысқара түседі.

Қандай көлік түрімен болсын сапарға шықпас бұрын Катонқарағайдағы демалыс орындарына алдын ала хабарласып, келісіп қойған жөн дер едік. Өйткені өткен жылдар тәжірибесі көрсеткендей аяқ астынан келіп қалған туристер топтары өз беттерімен жүрген жағдайда бос демалыс орындарын таба алмай қысылатын жағдайлар да кездесіп қалады. Дегенмен ешкімнің жатар орынсыз қалмайтыны анық. Өйткені Катонқарағай ауданының әрбір тұрғыны өз үйіне болсын қонақ қабылдауға және дастарханын ұсынуға әзір. Жылдан жылға даму үстіндегі туризм саласы оларды да осы іске қарай бейімдей түскен.

Өскеменге жеткен туристер үшін тағы бір қолайлы мүмкіндік, осы облыс орталығында Катонқарағайды және басқа да табиғаты көркем өңірлерді қыдыртып қайтуға арналған туристік қызмет көрсету топтары құрылып, жұмысын жандандырып отыр. Солармен байланысқа шығып, тікұшақтар мен таксилер арқылы талайларға арман болып отырған Катонқарағайдың ең тамаша жерлерін тиімді маршруттар бойынша көріп қайту да қиындыққа түспейді. Бәсекелестіктің жылдан-жылға күшейе түсуіне байланысты олардың қызметтері де қолжетімді деуге болады.

Сұңғатолла ӘЛІПБАЙ,
Ақпарат саласының
үздігі

АБАЙ АШҚАН МУЗЕЙ

Абайдың қоғамдық, әлеуметтік өмірге араласуы – ел басқару қызметі, жер дауы, жесір дауына билік айтуы, заң ережелерін жасауға қатысуы, ағарту ісіне атсалысуы, өзі жинаған қазақ тұрмысындағы мәдени мұралар арқылы қазақ этнографиясына қосқан зор үлесі ел ішінде ауызша түрінде тарап келгенімен толық зерттеу жұмыстары негізінде қарастырылмады.

Қазақ халқының ұлылығын, оның өткен өмірін, тарихын, тарихының түбірлі кезеңдерін қазақ мінезі қалыптасқан тұрмыс құралдары арқылы жарқыратып ашып, жан-жақты айқындап, терең түсіндіруге тырысқан Абай мұралары бүгінгі таңдағы қазақ мәдениеті, қазақ этнографиясын тану жолында аса қажет. Семейдегі Абай мұражайы қорынан алынған естеліктер, абайтанушы ғалым Қайым Мұхамедхановтың жазбалары ақынның қазақ даласында тұңғыш музей жұмысының негізін қалаушы екенін айғақтайды.

Абай заманында саяси жер аударылғандардың орталығы болып есептелген Семей қаласы «қымысты» деп танылып, жер аударылған орыс, украин, поляк, белорус, т.б. ұлттарының мекені болды. Солардың ішіндегі ең көрнекті, аса талантты терең білімділердің бірі Е.П.Михаэлис Семей қаласына 1869 жылы келіп, 13-14 жыл бойы осы қалада тұрып, 1878 жылы облыстық санақ комитетінің құрылуына мұрындық болды. Ол кезде Семей облысына Кереку, Зайсан, Қарқаралы уездері қарайтын. Облыстағы санақ комитеті осы аймақтарды мекен ететін халықтың тұрмысын, шаруашылығын, тарихын, мәдениетін, географиялық жағдайын зерттейтін жалғыз мекеме болды. Аталмыш мекемеге Абай да қамқорлық көрсетіп, балалары Ақылбай мен Мағауия үшеуі қоғам мүшесі болып, арнайы



Абай музейі.

жарна төлеп отырды. Абай Михаэлиспен бірге комитеттің жұмысына белсене араласты. Санақ комитетінің ықпалымен 1883 жылы 24 қыркүйекте Семейдің тұңғыш мәдени ағарту саласында облыстық өлкетану мұражайы ашылды. Абай да өлкетану мұражайын ашу жұмысын ұйымдастыру мәселесіне атсалысып, іс жүзінде көмек көрсетеді.

Михаэлиспен тығыз байланыста болған Абай 1884-86 жылдары саяси жер аударылып келушілердің бірі, доктор Нифонт Долгополовпен танысады. 1857 жылы туған Н.Долгополов Харьков университетінің медицина факультетінде оқыған. 1878 жылы студенттер толқуына араласқаны үшін қамауға алынып, Сібірге жер аударылған ол 1880 жылы Тобыл губерниясының Қорған қаласында рұқсатсыз емдеу қызметімен айналысқаны үшін Қорғаннан қуылып, 1884 жылдың маусым айында Семей қаласына келеді. 1885 жылдары сырқатта-

нып қалған Н.Долгополов Семей генерал-губернаторынан Абай ауылына барып, емделіп қайтуға рұқсат сұрайды. «Менің денсаулығым қатты бұзылды. Жоғары мәртебелім, Сізден осыған байланысты Шыңғыс болысына Өскенбаев Құнанбай ауылына баруыма рұқсат беруіңізді сұраймын. 1885 жыл. 4 маусым. Н.Долгополов» деп қол қойған хаты Абай мұражайында сақтаулы.

Осы сапарда екі ай бойы Құнанбай елінде болған Н.Долгополов Абаймен ақылдаса отырып, қазақтың тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын, көрнекті түрде бейнелейтін заттарды халық арасынан жинап алып қайтады. Мұражайға жасау-жабдығымен киіз үй бастатқан 60-қа жуық зат әкеліп тапсырады.

Ұлы ақынның 95 жылдық мерейтойы қарсаңында 1940 жылы Семей қаласында ақынның өзі қалаға келгенде түсіп жүретін Бекбай Байысовтың үйінде Абай мұражайы ашылды. 1940-45 жылдардағы соғыс



қай салаға болса да өз кедергісін тигізіп жатқан тұста Абайға қатысты деректер қарқынды жиналып, жылжымалы көрмелер, ауыл-ауылдарда дәрістер оқылды. Абайға тиесілі заттар тізімінде ер, тоғызқұмалақ, сағат, Абайдың белбеуі, ожау, әбдіре, кебеже, Абай үйінің шкафы, Құнанбайдың тақиясы, Мағауияның кір шомбалы, Берікбай бақсының қобызы, Тұрағұлдың ері, аңшылық заттары және 1909 ж. тұңғыш жинақ, 60-қа жуық Абай туралы естеліктер жинақталды.

Абай музейі 1944-67 жылдары Әнияр Молдабаевтың үйінде жұмыс істеді. 1967 жылы мұражай қорындағы экспонаттар молая бастаған тұста тарихи ескерткіштердің қатарынан саналатын көпес Роман Ершовтың еңселі үйіне ауысты. Ақынның өзі жинаған 60-қа тарта экспонаттардың 30-ға жуығы өлкетану мұражайынан қайтарылып, Абай мұраларының негізгі қорына қосылды. Ақынның елді өнер-білімге шақырған терең насихат сөздерінен бөлек халықтың тәрбиелік мәні зор мұраларымен де толықтырылды. Абай жинаған мұралардың қатарында текемет, тұскиіз, тұскесте кесінділерінің көрмеге әзірленген түрлері де бар.

Алмахан
МУХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ

АЛИМЕНТ ҚАЛАЙ ӨНДІРЕЛІДІ?

Мемлекет мұқтаж азаматтарды әлеуметтік қамсыздандыру, мемлекеттік және қоғамдық қайырымдылық жүйесі арқылы ұстау және материалдық қолдау міндетін жүзеге асырады.

Неке мен отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі міндеті (ҚР Конституциясының 27-бабының 1 және 2-тармақтары).

Ата-аналардың балаларды күтіп-бағу жөніндегі міндеттемелері, алименттік міндеттемелер арасында басты орын алады. Ата-аналар көмелетке толмаған балаларды табиғи тәртібіне де, заңға да байланысты ұстайды. Бұл міндет ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Заңының 19-тарауымен жүктелген. Бірыңғай бірідендірілген статистикалық жүйенің мәліметтеріне сәйкес, көмелетке толмаған балаларға алименттерді өндіріп алуға, әке болуды белгілеуге байланысты барлық сот актілерін қанағаттанушылықтың жоғары үлесі бар соттар қарады.

Статистикалық есепке сәйкес 2024 жылдың қорытындысы бойынша 19 мыңға жуық алименттік іс проблемалық болып саналады, олар бойынша берешек 38 млн теңгеден асады.

Жеке тұлғалардан қарызды өндіріп алу оңай міндет емес. Алиментті қасақана төлемейшілерге әсер ету механизмі жеткілікті тиімді емес екенін мойындау керек.

Сотталық туралы анықтаманың жарамдылығын тексеру;

Әкімшілік айыппұлдардың болуын және төленуін тексеру;

Балаларды асырауға алимент төлемейтіндерді көру;

Интерактивті карталарда жасалған қылмыстар, жол-күлік оқиғалары және т.б. туралы мәліметтер көрсетіледі;

Мемлекеттік органдардың, соның ішінде қылмыстық қудалау, прокуратура және сот органдарының қызметі туралы бәрін білуге болады.

Комитеттің порталының мәліметтері онлайн режимде толтырылады, бұл өз кезегінде Қазақстандағы өмір қауіпсіздігі туралы сапалы ақпаратқа келілікті береді.

А.МУКАЖАНОВА,
Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің аға прокуроры

БЕРІК ӘНШІНІҢ БЕЛЕСІ

Ол 5 жасынан бастап әкесі Құдайбергеннің домбырасын ермек етіп, соған әуестенді. Мектепке барғанда домбыра үйірмесіне жазылып, мектеп оркестрінде домбырашы болды. Ал жоғары сыныптарға өткенде ән мен терме үйірмесіне қатысып, мектепшілік іс-шараларда белсенді өнер көрсетті. Бастапқыда филология факультетінің студенті болуды армандады. Бірақ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бағила Сайлаубайқызы қарым-қабілетін байқап, әншілік жолды таңдауға кеңес берді. Осы жолға түсіп, кәсіби білім алды. Бүгінде бұл – белгілі дәстүрлі әнші, Мәдениет саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Берік Омаров.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

«Аяғөз деген - аядай бұлақ деседі» деп жырлаған еді ақиық ақын Мұқағали Мақатаев. Позиция мұзбалағының өлеңдеріне талай ән жазған белгілі әнші, композитор Тұрсынғазы Рахимов аталған жырға да тамаша туындыны дүниеге әкелді. Берік Құдайбергенұлы – дәл осы «кешегі арулар елінің» перзенті.

Мектептен кейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясына түсіп, оқуын Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында жалғастырып, Бекболат Тілеуханның сыныбын бітірді. Өнер жолын Ә.Қашаубаев атындағы облыстық филармониядан бастады. Туған жерде әнші ретінде әбден қалыптасып, пісіп, жетіліп, елорда төріне қоныс аударды. Бес жыл бұрын Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясының «Халық әні» бөліміне әнші ретінде қабылданды. Бүгінде осы өнер ұжымында жемісті қызмет етіп жатыр.

Берік Омаров – дәстүр-

лі ән өнерінің үздік үлгілерін кеңінен насихаттаушы. Оның орындауында Біржан салдың, Ақан серінің, Жарылғапберді мен Сегіз серінің әндері Қазақ радиосының «Алтын қорына» енгізілген. Мектепте Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №5 гимназияда оқыды. Сол уақыттан Шәкәрімнің ән мұрасына да бойлай бастады. Әрине, Шәкәрімнің әндері дегенде, ал-

дымен Келденбай Өлмесековтің есімі еске түседі. Келденбай Раузаұлы ойшыл ақынның 20-дай әнін тауып, репертуарына енгізді. Берік Құдайбергенұлы да – Құдайбердіұлының әндерінің білгірі, насихаттаушысы.

Әнші Қазақстанның дәстүрлі ән байқауларының бірнеше дүркін лауреаты. Атап айтқанда, Ж.Елебеков, К.Әзірбаев,

Ә.Қашаубаев, Ә.Найманбаев атындағы республикалық байқауларда және «Шабыт», «Ертіс әуендері» фестивалдерінде, басқа да ән сайыстарында өнері жоғары бағаланды.

Осы жыл табалдырығымыздан аттағанда «ердің жасына» толды. Соған орай 22 ақпанда Астана төрінде, филармонияның концерт залында «Майда қоңыр» атты жеке концертін бермек. Кеш барысында тыңдармандарға қазақтың халық әндері мен күйлерінің жауһарлары, сондай-ақ Берік Омаровтың орындауындағы дәстүрлі әндердің әсем палитрасы ұсынылады. Бұл концертте қазақтың халық әндері мен күйлері, сондай-ақ ұлттық би өнерінің үздік үлгілері ұсынылады.

Бағдарлама қазақ халқының рухани мұрасын қамтитын әуендер мен күйлерден тұрады. Құрманғазының «Төремұрат» және «Терісқақпай» күйлері, Мұхиттың «Үлкен айдай», Ақан Серінің «Ләйлім шырақ», Жарылғапбердінің «Топайкөк», Тұрдықлыш Ізтаевтың «Шаттық», Сәкен Сейфуллиннің «Біздің жақта» әні әуелейді. Концертке «Сарыарқа» халық музыка ансамблі, «Шалқыма» халық би ансамблі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Айгүл Қосанова, Гүлмира Сарина, Мәдениет саласының үздігі Ершат Қайырхан қатысады.

Берік Омаров бала жасында домбыраға әуес болса, төл аспабымыздың құлағында ойнайтын перзент те өсірді. Біршама танылып қалған күйші Дарын Құдайберген – әншінің ұлы. «Майда қоңыр» концертінде ол да өнер көрсетеді.

22:17:00
2025 АҚПАН

ФИЛАРМОНИЯ КОНЦЕРТ ЗАЛЫ
Астана к., Кенесары к., 32

«ЕРЕҢ ЕҢБЕГІ ҮШІН»
МЕДАЛІНІҢ ИЕГЕРІ,
МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ,
ДӘСТҮРЛІ ӘНШІ
БЕРІК ОМАРОВ

МАЙДА ҚОҢЫР

АТТЫ ЖЕКЕ КОНЦЕРТІ

+7 (7172) 75 23 83
+7 702 788 99 99

visit Astana
astana_filarmonia

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлкікті ашық аукцион арқылы сатады. Тольғырақ: vs.l.kz/torgi

Құрметті ата-аналар!
«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. Ата-ананың төлемі жылына

1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4140000 теңге).
Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз.
Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

Құрметті ата-аналар!
Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың «Жолкөлік кешенінің басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ЖШС мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. «Есіл» жалпы білім беретін жекеменшік орта мектебі болып табылады. Ата-ана төлемі жылға 1200 АЕК аспауы керек. Бұл білім беру мекемесінде жылда ата-ана төлемі төленбейді. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

№19 (4763) 18/02/2025 Сейсенбі



КҮЙ АТАСЫНА АРНАЛДЫ

Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның қазақ оркестрі «Күй атасы – Құрманғазы» атты кеш ұсынды.

Концертте ел, жер тағдыры туралы толғанысқа толы күйлерді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Айтқали Жайымов жетекшілік ететін оркестр және оркестрдің жеке күйшілері орындады. Атап айтқанда, Құрманғазының «Ақбай», «Серпер», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Алатау», «Көк

ала ат» т.б. күйлері әуеледі. Бұл шығармалардың кейбіріне тоқталсақ, «Балбырауын» – Құрманғазының асыл мұраларының бірі. Бұл күйді Оқап Қабиғожин орындаған. Күй от жалындай қызу мен дүрлідеген екпінге, делебенді қоздыратын жігерге толы. «Балбырауын» күйін 1936 жылы

композитор Евгений Брусиловский «Ер Тарғын» операсының финалында қырық кісі билеген биге музыка етіп пайдаланды. Кейін өзінің «Сарыарқа» атты симфония-сюитасында «Скерцо» бөлімі етіп енгізді. Ал Серпер – қаншама илтсе де, қаншама еңсесін басса да сынбайтын, мойымайтын,

қайта серпіп, бұрынғы қалпына келе беретін, болаттай берік, халықтың қайыспас ерекше ерлігіне арналған шығарма.

Концертке Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздаханова, Мәдениет саласының үздігі Әсел Алина, республикалық байқаулардың лауреаттары Дарын Құдайберген, Мейірбек Әзімбаев қатысты. Дирижері – Мәдениет қайраткері Нұрлан Бекенов.

ӘЖЕЛЕРДІҢ ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ

Астана қаласы Байқоңыр ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қолөнер шеберлері «80+ Sheber Shop» әлеуметтік жобасы аясында шеберлік сабағын өткізді.



Әлеуметтік жоба аясында Байқоңыр ауданындағы «80+ Әжелер» клубында әжелер мен оқушыларға арналған киім тігу үлгілері ұсынылды. Шеберлік сабағында ісмер Күләш Әбүтәліқызы оқушыларға заманауи қамзолды қарапайым тәсілмен пішудің жолдарын көрсетіп, іс жүзінде тігу әдістерімен бөлісті. Оқушылар шебердің жетекшілік етуімен жиналғандар алдында өз қолдарымен қамзол тікті.

«Сабақ барысында әжелер өз тәжірибелері мен білімдерін жастарға үйретуге дайын екендерін көрсетті, сондай-ақ зейнет жасында жүрсе де, қоғамға қажеттіліктерін сезіне білді. Ең бастысы, оқушылар әжелерден ұлттық қолөнердің қыр-сырын меңгеріп, шеберлік дағдыларын дамытты. Бұл өз кезегінде олардың ұсақ моторикасын жетілдіруге оң әсерін тигізеді» дейді еңбек терапиясының инструкторы Балым Өмірзақова.

ҚАЙСАР МІНЕЗДІ ЧЕМПИОН

Елордалық жас өрен Қайсар Асқаров – зендокай будо каратэ-до бойынша бірнеше спорттық жүлде иеленген дарындылардың бірі. 8 жасар спортшы жақында бас қалада өткен Astana Open Zendokai Cup чемпионатында 150-ге жуық қатысушының арасынан топ жарып, жеңімпаз атанған еді.

Индира БЕРЖАНОВА

Зендокай будо каратэ-до – бұл каратэ, дзюдо, бокс секілді спорт түрлерінің әдістерін біріктірген жекпе-жек өнері. Негізгі жаттығулар төзімділік, күш пен жылдамдықты қажет етеді. Бұл спортпен Қайсар 5 жасынан бастап айналысып келеді. Батыл бала түрлі жаттығуларды бірден үйреніп, тіпті кейбірін әп-сәтте қағып алады екен. Қарсыластың соққысынан жалтарып, лезде қарсы шабуыл жасау, бірнеше

соққыны бірізділікпен орындау және жекпе-жек барысында тепе-теңдікті сақтап қозғалу Қайсар үшін қиындық тудырмайды.

– Соңғы өткен Astana Open Zendokai Cup чемпионаты тартысты өтті. Қарсыластырм жақсы дайындықпен келіпті. Бапкерімнің үйреткен әдіс-тәсілдерін қолданып жеңіске жеттім. Қуаныштымын! Енді Қазақстан чемпионатында топ жарып, халықаралық жарыстарда ел намысын қорғағым келеді, – деп өз ойымен бөлісті жас чемпион.



Бас қаланың №96 мектеп-гимназияның 3-сыныбында оқитын жас спортшы оқуда да алғыр. Бірнеше қалалық және клубтық жарыстардың чемпионы мен жүлдегері. Спортқа баулып, түрлі деңгейдегі турнирлерде топ жаруына ұйытқы болғандардың бірі – Қайсардың бапкері. Спортшының физикалық күш-қуатын арттырып, тактикалық және техникалық қабілетін шыңдап, психологиясын дамыту оңай шаруа емес. Физикалық жүктемеден кейін спортшының қайта қалпына келуін есептеп, жарысқа дайындау тіпті қиын.

Осы бағытта жан-жақты қолдау білдіріп жүрген жаттықтырушысы, Zendokai karate федерациясының жетекшісі Асқар Елюбаевтың сөзінше, Зендокай будо каратэ-до спорты елімізде 2021 жылдан бастап дамып келеді.

АЗ ҚАЗАҚ КӨП АЛДЫ, КӨП ҚАЗАҚТА НЕ ҚАЛДЫ?

IX қысқы Азия ойындары Қытайдың Харбин қаласында мәресіне жетті. Қытай құрамасы 32 алтын алып, осы көрсеткіш бойынша 2011 Қазақстан орнатқан рекордтық межені бағындырды. Ал Қазақстан құрамасы 20 медальмен (4 алтын, 9 күміс, 7 қола) жалпыкомандалық есепте 4-орынға тұрақтады. Әрине, Қазақстан үшін бұл нашар көрсеткіш емес. Дегенмен медаль саны жағынан көш бастап тұрған Қытай құрамасының қатарында жарысқа қатысқан 4 қандасымыздың 3 алтын, екі қола медаль алғаны бізге біраз ой салды.

**Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Қытай құрамасында өнер көрсетіп, жеңіс тұғырынан көрінген қандастарымыз, сөз жоқ, сол елдегі спорт жүйесінің жетістігі. Қытайда талантты спортшыларды ерте бастан байқап, жүйелі түрде тәр-

дайындау жүйесінде әлі де олқылықтар бар екендігінің көрінісі. Өйткені бізде дарынды жастарды ерте іріктеу жағдайы кешіні. Көп жағдайда спортқа бейімі бар балалар қолдау таппай, өзге салаларға кетіп жатады. Екіншіден, елімізде бәсекелестік деңгейі төмен. Егер ел ішінде Қытай сияқты шын мықтыларды анықтайтын



биелеп, жоғары деңгейге жеткізуге күш салады. Ресми дерек бойынша, Қытайда 1,5 миллион қазақ бар. Өне солардың арасынан үш бірдей спортшы Азия ойындарында топ жарса, бұл – талантты жастарды ерте іріктеп, жүйелі түрде дайындаудың нақты нәтижесі. Ал Қазақстанда 15 миллион қазақ бар, 4 алтын алдық. Бұл арада біздің құрамада кімдер бар екенін бір-бірілеп айтып, ала қойды бөле қырыққандай болмайық. Тек ұлттық үлес салмағы тұрғысынан алып айтсақ, 1,5 миллиардқа жуық халықтың арасынан қандастарымыздың оза шауып, 34 елден келген 1200 спортшы қатысқан халықаралық жарыстан жүлде алып жатқанының өзі бабы келіссе қазақ спортшыларының ешкімнен кем емес екендігінің нақты дәлелі емес пе? Яғни 1,5 миллион қазақтан 4-5 спортшы жүлде алғанда одан он есе көп қазақ өмір сүретін Қазақстандағы қазақтар да осал болмауы керек қой. Демек, бұл салыстырма – елдегі спорт жүйесінің ақсап тұрғанының, спорт түрлеріне қажетті жағдай жасалғанымен, кәсіби спортшыларды

жүйе болса, Қазақстаннан небір керемет спортшылардың шығарына күмән жоқ. Мәселен, Қытайда ауылдан бастап таңдап, ауылда өткен жарыстан топ жарған жүлдегерді аудандық жарысқа, одан жеңсе, облыстық, одан ары өлкелік, мемлекеттік жарысқа дейін қатыстырып «кіл мықтыдан кіл мықты» деп отырып спортшы таңдайды. Біздің елде осындай жүйе бар ма? Жоқ. Яғни, біздің қазіргі спорттағы деңгейіміз халықтық сапамыздың нақты көрсеткіші деп айта алмаймыз. Бұл жағдайдан асабақ алуымыз керек. Егер біз барлық спорт түрлерінен әлемдік аренаға шығамыз десек, жас таланттарды ерте бастан анықтайтын мықты жүйе қалыптастырып, 20 миллион халықтың ішіндегі нағыз мықтыны әлемдік доғаға апаратын деңгейге жетуге күш салуымыз керек.

Қысқасы, бізде мықты спортшылар жоқ емес, бар! Тек соларды қолдайтын дұрыс жүйе қажет. Қытайдағы аз ғана қазақтың жеңісі – Қазақстандағы спорт саласын басқарушыларға да үлкен ой салуы тиіс.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №19

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**